

Геометриялық пішіндер

ҚАЛИ ДИНАРА ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

"№9 "Қызылсай" бөбекжайы" МКҚК

Тәрбиеші

Білім беру салалары: таным, шығармашылық.

Бөлімі: Математика негіздері.

Мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш.

Міндеттері: геометриялық пішіндер үлгілерін қимақағаздағы бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру; қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; геометриялық пішіндер белгілерін ажырата білу және атау білігін бекіту; пішінді оң қолымен алып, солдан оңға қарай қойып шығу білігін дамыту; «теңбе-тең» сөзін қолдануды үйрету; заттар мен пішіндерді көру-қозғаусезу тәсілдерімен зерттеу білігін дамыту; бақылағыштығын, назар аударуын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: геометриялық пішіндерді ажыратады және атайды: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; «сонша, неше...», «теңбе-тең» терминдерін;

түсінеді: қоршаған ортадағы кейбір заттар геометриялық пішіндерге: шеңбер, шаршы және үшбұрышқа ұқсайтынын; қолданады: тапсырманың дұрыс орындалғанын тексеру үшін заттарды оңнан солға қарай үстіне қою әдісін қолдануды; жапсырмамен жұмыс жасау дағдысын, ұқсас заттарды табу дағдысын.

Құрал-жабдықтар мен материалдар: шаршы, шеңбер, үшбұрыш макеттері; «геометриялық пішіндер карточкасы»; әуен, құрсаулар – 3; геометриялық пішіндер салынған табак; үлестірмелі материалдар: жұмыс дәптері, жай қарындаш және жапсырмалар.

Сөздік жұмыс: шеңбер, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: шеңбер – круг, үшбұрыш – треугольник, шаршы – квадрат.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Педагог: Бүгін біз геометриялық пішіндер еліне қонаққа аттанамыз. Келісесіңдер ме? Онда аттанамыз.

2. Негізгі кезең. «Шешуін тап және ата» ойыны.

Педагог жұмбақ жасырады: Дөңгелек дөңгелейді, Доңғалақ доңғалайды. Олар неге ұқсайды? Әрине, бұл ... (Шеңбер)

Сұрақтар қояды:

–Шеңберден басқа қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?

Фланелеграфпен жұмыс істеу.

Педагог фланелеграфта ілулі тұрған әр геометриялық пішіндерді көрсетіп сұрайды.

–Мынау қандай геометриялық фигура?

Не нәрсе шеңберге ұқсас болады?

Не нәрсе үшбұрышты болады?

Не нәрсе шаршы болады?

Балалардың назарын суреттегі карточкаға аударады

– жоғары жақта қанша шаршы болса, төменгі жағына солдан оңға қарай сонша шаршы орналастыру керек. Соны көрсетеді.(4 шаршы)

«Өзіңнің карточкаңа жапсыр» ойыны.

Жұмыс дәптері, 1-тапсырма. Педагог балаларға жоғарғы жолақта қанша геометриялық пішін болса, төменгі жаққа сонша геометриялық пішін жапсыруға тапсырма береді.

Сұрақтар қояды: Төменгі жағына неше шаршы орналастырдыңдар? Төменгі жағында неше шаршы болды?

Содан кейін төменгі жағына жоғарғы жағында неше дөңгелек болса, сонша дөңгелек жапсыруды ұсынады. (2 шеңбер).

Төменгі жағына неше шеңбер жапсырасыңдар?

Тағы да жоғарғы жағында неше үшбұрыш болса, төменгі жағына сонша үшбұрыш жапсыруды ұсынады (3 үшбұрыш).

Төменгі жағына неше үшбұрыш жапсырасыңдар?

Олар нешеу болды? Балалар тапсырманы орындайды.

Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді.

Сөздік жұмыс: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: дөңгелек – круг, үшбұрыш – треугольник, шаршы – квадрат.

Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» Кілем үстінде әр құрсаудың ішінде бір геометриялық пішіндерден: шеңбер, шаршы, үшбұрыш жатыр. Педагог балаларға табақтан бір геометриялық пішіндерден алуды ұсынады. Әуенді қосады. Кілем үстінде жүруді ұсынады. Әуен тоқтағанда, әрқайсысы өз үйіне жүгіріп кіруі тиіс (құрсау ішіне): қолында шеңбер барлар, шеңбер жатқан құрсауға, 76 қолында үшбұрыш барлар, үшбұрышқа, қолында шаршы барлар, шаршы жатқан құрсауға жүгіреді. Педагог балалардың дұрыс өз үйіне кіргенін тексереді. Содан кейін тағы әуенді қосады, балалар бұл кезде пішіндерді қайта табаққа салып, әуен аяқталғанда өз орындықтарына отыра қалады.

Ойын: «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?»

(2-тапсырма). Балаларға суреттерді қарап, онда бейнеленген заттарды атауды сұрайды. Геометриялық пішіндеріне оларға ұқсайтын заттарға дейін сызып қосуға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді.

3.Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Топ ішіндегі геометриялық пішіндерге (шаршы, шеңбер және үшбұрыш) ұқсайтын заттарды табындар. Үш баланы шақырып, біреуіне топ бөлмесінен шеңберге ұқсайтын затты, екіншісіне шаршыға ұқсайтын затты, ал үшіншісіне үшбұрышқа ұқсайтын затты алып келуді өтінеді.

29.03.2025 ж № E00070

Ажарлы қыс

НУРБАЕВА МАРАЛ МАЙРАМБАЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

«№13 «Ақмарал» бөбекжайы» МКҚК

Тәрбиеші

Мақсаты: Балаларды қыс мезгілі ерекшеліктерімен таныстыру. Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін логикалық ойлау, шығармашылық қабілетін тапқырлығын дамыту. Балаларды табиғатты аялауға, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Балалар жарты шеңберге келіп тұрады.

Балалар қараңдаршы бізге көптеген қонақтар келіпті алдымен амандасып алайық.

Сәлеметсіздерме қош келдіңіздер!

Балалар ұйымдастырылған іс-әрекетіміз сәтті өтсін деп бір-біріміздің көңілдерімізді көтеріп қимылдар жасап, серігіп алайық.

Би қимылдарын жасау.

Балалар айтыңдаршы, қазір жылдың қандай мезгілі?

- Қыс мезгілі

- Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?

- Дұрыс айтасыңдар балалар. Қыс мезгілінде қар жауады, боран соғады, суық болады.

- Ал енді балалар кім қыс туралы таппақ айтып береді?

Ақ киімді денелі

Ақ сақалды,

Соқыр,мылқау танымас тірі жанды.

Үсті басы ақ қырау түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Демалысы үскірік,аяз бен қар

Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.

Бұлттай қасы жауып екі көзін

Басын сіліксе, қар жауып мазаңды алды,

Борандай бұрқ,сарқ етіп долданғанда

Алты қанат ақ орда үй шайқалды

Әуес көріп жүгірген жас балалар,

Беті-қолы домбығып үсік шалды.

Ал енді балалар айтыңдаршы

Бұл өлең жолдарында қай мезгіл туралы айтылған?

Дұрыс айтасыңдар қыс мезгілі туралы айтылған.

Өлең авторы:Абай Құнанбаев

Абай атамыз өлеңде қысты кімге теңейді?

Балалар:қысты адам бейнесіне теңейді

Тәрбиеші:Иә дұрыс ендеше сол сөздерді атайық.

2бала:Ақ-киімді,денелі адамға

3бала:Ақ сақалды адамға

4бала:Үсті басы ақ қырау,түсі суық адамға.

Тәрбиеші:Жарайсыңдар балалар осы өлең жолдарын тыңдаған кезде көз

алдарыңызға не елестейді?

Балалар: ақ түс елестейді.

Тәрбиеші: дұрыс жарайсындар .

Ал неліктен ақ түс елестейді?

Балалар: қыста қар жауады, айнала аппақ түске боялады.

Айналаның бәрі ақ көрпе жамылып, ақ киім кигендей болады

Тәрбиеші: айналаның бәрі ақ көрпе жамылып ақ киім кигендей болады.

Тәрбиеші: Абай атамыз қысқы табиғатты осы өлең жолдарымен көз алдымызға алып келді.

Өте жақсы балалар енді сендердің тапсырма орындағыларың келеме?

Олай болса бірнеше тапсырмалар орындаймыз

1 тапсырма:

«Сөйлемді жалғастыру» Балалар мен сендерге қыс туралы бір сөз айтамын, сендер жалғастырасындар Қар-аппақ, қар-борпылдақ, қар-мұздай, қар-жұмсақ, қар су болып ериді, қар тоңдырады, қар ар-сықырлайды. Боран-уыйтқиды, боран-сықырлайды, боран-уілдейді, боран-тондырады, боран дым көрінбейді, боран-желдетеді. Аяз-ысқырады, өрнек салады, суық болады, мұз қатады, аяз-тоңдырады, аяздан қырау түседі, аяз-үсіреді.

2 тапсырма: Ертегілер елінен үзінді.

Олай болса балалар ертегілер әлеміне саяхат.

Балалар олай болса ертегіден үзінді тыңдаймыз.

Балалар қане мұқият тыңдайық.

Қазір ертегінің дұрыс дұрыс емес екендігін сиқырлы QR-код арқылы ашып білетін боламыз.

QR-код арқылы ертегіні ашып білетін боламыз«Қарылғаш пен Дәуіт»ертегісінде қандай кейіпкерлер бар(Дәуіт)

Қарылғаштың балапандарына қандай қауіп төнеді?Қарылғашқа не көмектесті?

-Дұрыс айтасыңдар балалар!

«Жыл басына таласқан хайуанаттар»ертегісінде қандай кейіпкерлер бар?

(түйе,тышқан,жолбарыс,жылқы,сиыр,ұлу,ит,)

- Олар не үшін таласты?

Балалар: Жыл басы болуға таласы

Тәрбиеші: Жыл басы сомен не болды? Тышқан

«Түлкі мен Тырна» ертегісінде қандай кейіпкерлер бар:

Түлкі қонаққа нені шақырды, тырнаға асты қандай ыдыспен берді?

«Буынға бөлу» ойыны:

- Балалар қане шеңберге тұрайық,

Мен қазір сендерге қыс туралы бір сөз айтамын сендер буынға бөлесіңдер.

1-Қырау, тұман, аяз, мұз, тайғанақ

2-қыс қызықтарын буынға бөлу:

Шана, шаңғы, аққала, сырғанақ.

3-Қыстық киімдерді буынға бөлу:тымақ,етік,байпақ,қолғап,жадағай.

Жарайсыңдар балалар керемет!

Енді балалар қазір топтарға бөлініп дәстүрден тыс әдіс тәсілдерді пайдаланып шығармашылықпен жұмыс жасаймыз.Ол үшін балалар жұмыртқа аршу арқылы әдіс арқылы топтарға бөлінеміз

Шығармашылық:

1топ - жабысқақ пленкаға қыс бейнесін салу,

2топ - Ғажайып бойаулар

Торт кремін пайдалана отырып, түрлі түсті ғажайып бойаулар түсіру.

3-топ - желіммен қар бейнесін жасап тұзды себелеу арқылы қар бейнесін жасау.

-Өте жақсы жарайсыңдар балалар! Біздің бүгінгі ашық оқу іс-әрекетіміз аяқталды. Келген қонақтармен қоштасайық. Қош сау болыңыздар!

29.03.2025 ж № E00072

Қолөнер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, кәсіпкерлікке баулу.



САТЕНОВА АЛМАГҮЛ КУДАЙБЕРГЕНКЫЗЫ

*Атырау қаласы «Жалпы білім беретін
Алмалы орта мектебі» КММ
көркем еңбек пәні мұғалімі*

Мақсаты: Оқушылардың қолөнерге

қызығушылығын арттыру арқылы кәсіпке баулу. Іскерлік пен шеберлікке бағыттау. Еңбек тәрбиесін дамыту. Бойында шығармашылық қабілеті бар оқушыны анықтап, өнері арқылы табыс табуға кәсіпкерлікпен айналысуға үйрету. Қолөнердің маңызын ұғындыру, тұрмыстық қажеттілікке қарай бұйым дайындау арқылы уақытты ұтымды пайдалану, заман талабына сай қолөнер түрлерін дамыту, нарықты, сұранысты анықтап, сәйкесінше тез және сапалы бұйым дайындап әлеуметтік желінің пайдасын көріп зат сату мәдениетін, пайда табу әдебін қалыптастыру. Қыз бала тәрбиесіне ұлттық педагогика элементтерін қолдану. Оқушыларды еңбекке баулу, шыдамдылыққа тәрбиелеу, өз ісінің бағасын көру үшін, саннан сапаға жұмыс жасауға үйрету. Бойында бар шеберлік, іскерлік қасиеттерін, таным процестерін дамыту. Бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлға дайындау.

Міндетім: Бойында қолөнерге қабілеті бар оқушыны анықтап, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Өз бойымдағы өнерімді талантты оқушыларға үйрету. Оқушыларымның сапалы бұйым жасауына ықпал ету. Ұстаздан шәкірті озатын ұстанымында болу. Оқушыларымның әр жасаған бұйымдарының астарында қандай еңбек жатқанын басқаларға ұғындыру. Қолөнерінің ұрпақтан - ұрпаққа жалғасатын кәсіп екенін дәлелдеу. Кәсіп арқылы өмір түсіру қағидаларын, еңбектің жемісін көру сәтін түсіндіру. Сыныптағы басқа оқушылардың пәнге деген қызығушылық қабілеттерін дамыту.

Ақпараттандыру бөлімі:

Бүгінгі таңда жаңа технологиялар қарыштап дамып білім беру саласына да өз үлесін қосып, цифрлы қоғам мен инновациялық тәжірибелер заманауи трендке айналуға. Осы орайда жастарымыз қандай да болсын жаңаны тез меңгеріп өздерінің білім, білік дағдыларын дамытып іскерлікке ұмтылуда.

Қандайда бір жаңа технологияны меңгеріп, цифрлы қоғамда ақпараттарды тез қабылдап оны кәсіпке айналдыру, тек үлкеннің ғана ісі емес, оқушыларымыз да осы саланы үйреніп өз қажеттіліктеріне жаратуда. Білім беру саласындағы әр пән жеке тұлғаны қалыптастыруға, өмірге деген көзқарасын нақтылауға үлесін қосары анық. Көркем еңбек пәнінің де негізгі мақсаттарының бірі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қолөнер арқылы еңбектенуге үйрету, бұйымдарды көркем жобалауға, өңдеп өндіруге даярлау, кәзіргі заман талабына сай экономикалық дамуға бейімделуін қамтамасыз ету. Бұл пән мұғалімдерінің алдында тұрған міндеті; оқушылардың бойындағы қабілетті анықтап дамыту, өз өнері арқылы мамандық тандауға ықпал ету, ұрпағымыздың қолөнерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Ұлтымыздың сәндік-қолданбалы өнері атадан балаға мирас болып келе жатқан тамыры тереңге бойлаған ұлы өнер. Қолданбалы өнердің оқушыларға берер тәрбиелік мәні де зор, мәдени мұраны меңгеруге, жан жақты эстетикалық тәрбие алуға, ұлттық педагогиканы ұғынуға, көркемдік білім алу арқылы рухани даму деңгейін арттыруға, еңбек арқылы кәсіпті меңгеруге ықпал етеді.

Кәсіппен әр адам айналысады, өмір бойына жұмыс жасайды. Өз ісін, өз кәсібін, өз жұмысын жақсы көрген адам күнделікті өмірінде қуанышты көңіл күйде жүреді, жұмысына асығып барады, әрі өмір түсіру дағдысы жайланып табыс табады. Өз кәсібін дөңгелетіп алып жүретін адамның тұрмыс жағдайы да жақсарады, өмірлік мақсаттары мен іс әрекеттері де айқындала түседі. Қандай да болсын кәсіптің жаманы болмайды, күнделікті өмірде барлық адамның айналысып жүрген өз кәсібі, өз іс- әрекеті бар.

Кәсіп - әр адамның нәсібі. Адамдар арасында өзінің сүйікті ісін өз кәсібіне айналдырып онымен табыс тауып жүрген көп деген жандар бар.. Кәсібінің дамуының жолында ерінбей еңбек етіп, кездескен қиындықтарды жеңе білу арқылы үлкен кәсіпке қол жеткізген кез келген кәсіпкер шағын ғана кәсіптен бастағанын және осы салада тынымсыз еңбек ету керектігін айтады.

Негізі адам құр отырмауы керек, ең бастысы өз қолынан келетін іспен айналысып өзін, отбасын, қала берді елдің жағдайын жақсартатын мықты кәсіпкерге айналуға мүмкіндік алу. Себебі бүгінгі күні өз кәсібімді жасаймын деген жандарға мемлекетіміздің тарапынан көрсетілітін қолдаулар өте көп. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Еңбекқорлық біздің негізгі құндылығымыз болуы қажет. Оны ұлт сипатын айқындайтын асыл қасиетке айналдыруға тиіспіз» деп адал еңбектің басты құндылық екеніне ерекше назар аударғаны белгілі. Елімізде кәсіп бастаймын деген жандарға пайызын төмен етіп қарызға ақша алып, өз кәсібін ашып, оны дамытуға әрекеттер жасауға көпдеген мүмкіндіктер қарастырылған.

Соңғы кезде мемлекетіміз өз ісін бастап, оны дамытамын деген жастарға түрлі қолайлы бағдарламалар ұсынып, мемлекеттік гранттар, яғни қайтарымсыз несие берудің де көлемін үлкейтіп жатыр. Елімізде өз кәсібін ашып оны дамытып үлкен кәсіпке айналдырып отырған кәсіпкерлер өте көп. Олар өздерінің бастан кешкен қиыншылықтарымен мәселенің шешімін тапқан жолдарын жас кәсіпкерлерге тренинг арқылы үйретіп, оларды кәсіпкерлікке баулуда және бұл ақпараттарын да ақылы түрде беріп табыс табудың жаңа саласын жүргізуде.. Бұл да бір кәсіптің түрі. Бастысы адам бір орнында қалып қоймауы керек. Табысты болуға ұмтылуы керек. Бүгінгі күні ақпараттар ауқымының көптігінен қандай да бір кәсіпті меңгеріп, үйренуге мүмкіндік мол. Тек талпыныс пен ерік жігер, Менің де қолымнан келеді деген өз өзіңе сенім ғана керек. Үйрнеуді алдына мақсат етіп қойсаң, мақсатқа жету арқылы өз ойыңдағы көпдеген армандарға жетуге болады.

Міне, осындай ақпараттармен бөлісе отырып, әрі оқушыларымның пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында қолдары епті, бойында шығармашылық қабілеттері бар, іскер оқушыларыма осы жасап отырған жұмыстары арқылы табыс табуға болатынын, ертеңгі күні қандай да бір маман иесі бола жүріп, қолдан келетін іспен қосымша табыс табуға болатынын айтқан едім, негізгі ойым оқушыларымды сапалы бұйым жасауға дайындау, және қолөнерге қызығушылығы жоқ оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыру болды. Сапалы әдемі бұйым дайындау тәсілін көзімен көре отырып, өзі де сол жұмысты жасап көруге мүмкіндігі бар екенін сезген оқушы білмеген жерінде сыныптасы немесе ұстазы көмекке келетініне сенімді болары анық, сондықтанда қасындағы сыныптастарымен бірге жұмыс бастауға ұмтылады. Қажеттілікке қарай көмек ала отырып өзінің де қолөнерге қызығушылығының артқанын сезеді. Осы мақсатта оқулықтағы «Өзіндік имидж қалыптастыру үшін аксессуарлар жасау эксперименті» «Аксессуарлар, жеке даралық образды жасау» тақырыптарына сай бисер мен моншақтан жасалатын алқа тәжірибелік жұмыстар нәтижесінде оқушыларымның шеберлігін, ынтасын, ұқыптылығын байқадым. Сапалы өнімдерін көрген соң осы жасаған бұйымдарын әлеуметтік желі, инстаграм парақшалар немесе статустар арқылы сатып пайда табуға болатынын және сататын бұйымның өнімге кеткен шығынын есептеу арқылы өз еңбегін қалай бағалау керектігін түсіндірдім. Әр сатылған өнімнен қандай пайда көретінін есептеп түсіндірген соң, түскен ақшаға қайтадан қажетті құрал - жабдықтар алып одан әрі жұмыс жасауға болатынын айттым. Осы орайда ұсыныс жасаған 8а сыныбы маған қолдау көрсетіп жұмысқа кірісті. Алдымызда жазғы Зай демалыста уақытты босқа өткізбей сүйікті ісімізді жалғастыруды жөн көрдік. Бұл өткен жылы болатын.

Жазғы демалыс уақытында оқушыларымен үнемі байланыста болып, керек кезде жиналып, ақылдаса отырып жұмысымызды бастап кеттік.

Жұмысқа кіріспес бұрын ютубтан

1. мектепте жасауға ыңғайлы,

2. қажетті құралдары өте қымбат емес.

3. жеңіл әрі тез жасалатын бұйымдарды зерттей бастадық, зерттеу нәтижесінде қыз балаларға арналған моншақтан жасалатын сөмкелерді қолға алды. Бұл бұйымның қажетті құралдары қымбат, орындалу техникасы оңай емес болса да, оқушылар сәнді бұйым екеніне назар аударып өз жұмыстарын осы сөмкелерден бастады. Сөмке тоқу үшін қажетті құралдар мен шығынды есептей отырып, қыздарымыздың еңбегін яғыни түсетін пайданы шығардық.

1-кесте Шығындар мен пайдалар

р\с	Қажетті құрал-жабдықтар	мөлшері	Алу бағасы	Сату бағасы
1	Моншақтар	500гр	3500	--
2	резка	2 орама	1200	--

Кейіннен брелок, сырға, браслет секілді заттарды жасай жүре, бүгінгі күні сынып оқушылары ұлттық үлгідегі шашбау, шекелік, шолпы, алқа, әшекей бұйымдар жиынтығы, өңірлік секілді заттарды дайындап әлеуметтік желі арқылы заказдар қабылдап жұмыс жасауда. Нәтижесінде 9а сыныбының оқушылары Қожабай Аружан мен Сағындық Лайла «Қолөнер даусы - 2023» аймақтық қолөнершілер көрме-байқауында жасаған жұмыстарының сапасына қарай «Бас жүлде» жеңіп алды. Мектеп оқушыларының жасаған жұмыстарын көрген сабақ беретін басқа сыныптардағы оқушыларымыздың да пәнге деген қызығушылығы артып, 8-ші сыныптар «Этностильдегі бұйымның дизайны» тақырыбына сәйкес тақия жасауды қолға ала бастады. Олар да өздеріне немесе жақындарына наурыз мерекесіне арнап сапалы бұйым жасауға машықтануда. 6 сыныптың қыз балалары жоғарғы сыныптағы әпкелерінің істерімен инстаграм парақшалары, статустар арқылы танысып біліп алған соң «Сәндік қолданбалы өнер» тарауындағы «Тоқу өнері, ілмекбізбен тоқу тәсілдері» тақырыптарындағы жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарап, саннан сапаға жұмыстануда. Сәтті шыққан бұйымдарын сәндеп сату ойларында бар, немесе жақын жуығына, достарына сыйға тартуға жұмыстың сапалы жасалуы керектігін түсінді.

Жұмыс жасау барысында қыз балалармен еркін сөйлесу арқылы олардың болашақ мамандықтары, арман мен мақсаттың айырмашылығы, табыс табу жолдары, өмірлік ұстанымдар туралы әңгіме жүргізіп отырдым.

Сабақ барысында ұлттық тәрбие элементтерін қосып, қыз балаларға неліктен шашбау тағылғанын әңгімелеп бердім. Қазақ қоғамының қыз тәрбиесінде қолданған ырым тиымдары, даналығы мен мәдениетінің дәлелі нәзік жандардың барлығы дерлік қолаң шашқа сән беріп оюланған шашбау мен күмістелген шолпы таққан. Бұл әшекейлерді сол замандарда барлық қыз баласы тағып жүретін болған. Шолпы шаштың ұшына, шашбау бұрымның түбіне ілініп шашпен бірге өріледі. Шаш салмағын ауырлатып, осындай әшекейлерді тағып жүру қыздардың арқасын түзу ұстауына, шаштың ұзын болып өсуіне жақсы әсері болған. Қоңыраулы шолпы тағу арқылы қыз баланың оғаш қимыл жасамауына мән берген. Шашбаудың дыбысы ақырын шықса, қыздың мінезі сабырлы, биязы, нәзік екенін аңғарған. Көп жылдар бойы осы шашбау мен шолпы тағу көрініс таппай, тек театр әртістері мен кинолардан ғана көруші едік. Соңғы кездері ұлттық мәдениетімізді әлемге танытуға ұмтылған жастарымыз тақия мен шашбау, шолпы сынды қасиетті аналарымыздан қалған мұраны дәріптеп сәнге айналдыруда.

Бүгінгі күні сол тақия кию, шашбау мен шолпы тағуды сәнге айналдырамыз ба деген ойымыз бар. Осы орайда түрлі шығармашылық ойларын ортаға салып, түрлі үлгілер жасап жобалар қарастырылуда. Соңғы кезде шашты жайып жіберіп жүруді қыздарымыз сәнді санайды, ал шашын жайып жүру қазақ халқының менталитетіне жат әдет, сондықтан қыздарымыз шашбау тағудың сәнге кіргенін білсе оны да қолданысқа енгізеді деп ойлаймыз. Кәзіргі заказ түсіп тұрған заттар шекеліктер мен шолпы, шашбау, сәнді әшекей жиынтықтар. Әрине бұл бұйымдарды да заман талабына сай аз кем өзгеріспен дайындап отырмыз. Өз ойларымен тың идеяларымен әр бұйымға жобалық нобайлар жасалып, топ ішінде ақылдасып түстік қатынастар мен құрал жабдық шығыны, дизайны талқыланады.

Бұл жұмыстар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамып, олардың ізденістері, бәсекеге қабілетті болуға ұмтылысы қалыптасып келеді.

A. BAYTURSYNOV - THE GREAT TEACHER OF OUR NATION

ЖАНАБАЕВА БАЛЖАН САГАТОВНА

Қарағанды облысы Шет ауданы

«Қызылтау негізгі орта мектебі»

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Ahmet Baitursynov, the great teacher of our nation, rightly said, "Reform of the country should begin with the correction of children's education."

The great goal of our people is to educate young people at the international level, which will flourish in the school on the first rung of the path.

Ahmet Baitursynov is a poet, scientist, turkologist, translator, teacher, publicist, public figure.

A. Baitursynov's whole life was full of care for the self-determination of the Kazakhs, the development of culture, education and science, the preservation of the spirit of the nation for centuries. In 1923, M. Aueзов, taking into account the invaluable works of Baitursynov, called him "the leader of the Kazakh intelligentsia."

Ahmet Baitursynov was born on January 18, 1873 in Sartubek, Turgai region of present-day Kostanay region. In 1882-1884, Ahmet, an intelligent and demanding boy, learned to read and write from open-minded villagers, and later studied at a nearby village school.

From 1886 to 1891 he studied at the two-class Russian-Kazakh school in Turgai, from 1891 to 1895 at the teacher training school in Orenburg.

From 1895 to 1897 he taught in rural, Bolshevik schools, two-class schools in Aktobe, Kostanay, Karkaralinsk districts.

As a teacher, he looks at the phenomena of society and social life. Considers ways to educate the population, the possibility of studying the problems of the Kazakh language and literature.

Reads a lot of books, searches independently. Engaged in literature, writes poems, collects samples of oral literature, develops textbooks and manuals. With his knowledge and intelligence, he began to make a name for himself in the country. He writes poems about freedom and struggle.

From 1913 to 1918 he was the editor of the newspaper "Kazakh", which he organized, and carried out a wide range of social work. The newspaper raises the most complex issues of people's lives. It calls on the country to study and move forward.

Ahmet Baitursynov, who took an active part in public life after the October Revolution of 1917, became one of the leaders of the Alash movement, which aimed to create an independent state of the Kazakh people.

He is the first Minister of Education of Kazakhstan, the head of the Academic Center of Kazakhstan, a professor at universities in Almaty and Tashkent.

A. In 1913, Baitursynov published the newspaper "Kazakh", which quickly spread to the masses and gained popularity, even though he had no money. It was the only periodical that at that time actually met the cultural and social requirements of Kazakh life. The newspaper refused to preach a direct uprising against the government and advocated serious revolutionary views. However, even this political caution did not save the Kazakhs from persecution. Between 1913 and 1914, the newspaper was arrested 26 times. Nevertheless, the Kazakh newspaper dominated public opinion for four years. Therefore, it was honored as the first mass publication in the history of the Kazakh press.

It is believed that Ahmet Baitursynov's contribution to the young Kazakh science was significant not only in the field of linguistics, but also in the field of literary criticism.

A. Baitursynov's octagonal talent allowed him to show the power of his pen in poetry, journalism, science and other fields of culture. Ahmet the Great was a capitalist teacher. It is remembered by the people as a bright ray of Kazakh science and culture. Only in the conditions of independent Kazakhstan the works of the poet were published, his heritage was studied.

He is a poet, writer, translator, publicist, public figure, educator, ethnographer, folklorist, turkologist, writer, journalist, scientist.

The essence of all his work can be summed up in one word: he is a TEACHER in capital letters, a teacher of the people.

МАЗМҰНЫ

- ҚАЛИ ДИНАРА ЕРЖАНҚЫЗЫ
- НУРБАЕВА МАРАЛ МАЙРАМБАЕВНА
- САТЕНОВА АЛМАГҮЛ КУДАЙБЕРГЕНКЫЗЫ
- ЖАНАБАЕВА БАЛЖАН САГАТОВНА